



**БҰЙРЫҚ**

№ 155 -н

**ПРИКАЗ**

2022 жылғы «27» мамыр  
Нұр-Сұлтан қаласы

«27» май 2022 года  
город Нур-Султан

**«Хабар Агенттігі» акционерлік қоғамында  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы  
келісім нысанын бекіту туралы**

«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» № 4 үлгілік базалық бағытын іске асыру аясында Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2022 жылғы 3 наурыздағы хаттамалық тапсырмасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім нысаны (бұдан әрі – Келісім нысаны) бекітілсін.

2. Қоғамның құрылымдық бөлімшесі мен Алматы филиалының кадр мәселелері жөніндегі жауапты қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау бойынша мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар болып табылатын қызметкерлерді Келісім нысанымен танысуын есепке алуды тіркеу журналында (бұдан әрі – Журнал) белгі қойып таныстырсын.

3. Қоғамның құрылымдық бөлімшесі мен Алматы филиалының кадр мәселелері жөніндегі жауапты қызметкері ай сайынғы негізде компаенс-менеджерге Журналдан сканерленген деректерді ұсынып отырсын.

4. Компаенс-менеджер ай сайынғы негізде Журналдан жиынтық деректерді қалыптастырсын және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің есебіне енгізу үшін Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне жіберіп отырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Басқарма Төрағасының орынбасары Ж.К. Сабдыкееваға жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Об утверждении Формы согласия  
о принятии антикоррупционных ограничений  
в акционерном обществе «Агентство «Хабар»**

В соответствии с протокольным поручением Министерство информации и общественного развития от 3 марта 2022 года в рамках реализации Типового базового направления № 4 «Предупреждение и противодействие коррупции», **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить Форму согласия о принятии антикоррупционных ограничений в акционерном обществе «Агентство «Хабар» (далее – Форма согласия).

2. Структурному подразделению Общества и ответственному работнику Алматинского филиала по кадровым вопросам ознакомить работников, являющихся

лицами, приравненными к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций по принятию антикоррупционных ограничений в журнале регистрации учета ознакомления работников с Формой согласие (далее – Журнал).

3. Структурному подразделению Общества и ответственному работнику Алматинского филиала по кадровым вопросам на ежемесячной основе предоставлять комплаенс-менеджеру сканированные данные из Журнала.

4. Комплаенс-менеджеру на ежемесячной основе формировать сводные данные из Журнала и направлять в Министерство информации и общественного развития для включения в отчет для Антикоррупционной службы.

5. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на заместителя Председателя Правления Сабдыкееву Ж.К.

6. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

**Басқарма Төрағасының  
Бірінші орынбасары/  
Первый заместитель  
Председателя Правления**



**Л. Жунусова**

**Согласовано**

25.05.2022 16:52 Сейдахметова Айгуль Ферузиевна

25.05.2022 18:22 Нарбаев Галымжан Нуридонулы

25.05.2022 19:12 Тажибаева Сауле Мусановна

25.05.2022 19:17 Сүйіндік Ләззат Кенесқызы



*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы  
келісім нысанының  
жобасы*

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім**

Мен,

\_\_\_\_\_ ,  
(тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ ,  
(лауазымды көрсету)

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, «Хабар» Агенттігі» АҚ-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын сақтау, өкілеттіктерімді жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасауыма жол бермеу мақсатында:

- 1) өз функцияларын орындаумен үйлеспейтін қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының тікелей бағынысында бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- 4) егер мұндай әрекеттер менің қызметтік өкілеттіктеріме кіретін болса немесе өзімнің лауазымдық жағдайыма байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болса, мен және менің отбасы мүшелерінің оларды ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе көрсетілетін қызметтер қабылдау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіме қабылдаймын.

\_\_\_\_\_ ,  
(қолы, ТАӘ, лауазымы)

Проект  
Формы согласия  
О принятии антикоррупционных ограничений

**Согласие о принятии антикоррупционных ограничений**

Я, \_\_\_\_\_,  
(фамилия, имя, отчество)

\_\_\_\_\_  
(указать должность)

в целях соблюдения требований антикоррупционного законодательства Республики Казахстан, Политики по противодействию коррупции в АО «Агентство «Хабар», недопущения совершения действий, которые могут привести к использованию моих полномочий в личных, групповых и иных неслужебных интересах, принимаю на себя антикоррупционные ограничения по:

- 1) осуществлению деятельности, не совместимой с выполнением своих функций;
- 2) недопустимости совместной службы (работы) в непосредственном подчинении близких родственников, супругов и свойственников;
- 3) использованию служебной и иной информации, не подлежащей официальному распространению, в целях получения или извлечения имущественных и неимущественных благ и преимуществ;
- 4) принятию мною и членами моей семьи материального вознаграждения, подарков или услуг за действия (бездействие) в пользу лиц, их предоставивших, если такие действия входят в мои служебные полномочия или я в силу своего должностного положения могу способствовать таким действиям (бездействию).

\_\_\_\_\_  
(подпись, ФИО, должность)